



«ОЯН, ҚАЗАҚ!» ҰЛТ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖАРАНЫ ЖАЗДЫ

Азаттықты аңсаған, бейбіт күнді көкसेген көрнекті тұлғалардың қилы тағдырын бірі білсе, бірі білмейді. Әсіресе жас буынның өткеннен өнеге алып, тарихтан мақұрым қалмағаны абзал. Шынын айту керек, «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі санада сілкініс жасап, қазақ баласына ойтүрткі болды десек артық емес. Екі сағаттық фильмге ерте билет алып, жан тебіренісін жасырмаған әр көрермен желіде әсерімен бөлісті. Қиын-қыстау кезеңде түнектің түндігін түрген Алаш азаматын ардақтады. Жүрекке салмақ түскенімен, өткенді бағамдап, болашақты саралады. Бұл – қоғам назарындағы қайталанбас туынды. Осы орайда фильм продюссері Айсәуле Әбілдамен әдемі әңгіме өрбіттік.

– Тұтас тарихты таспалау оңай емес. Осы уақытқа дейін Алаш ардақтылары туралы түсірген сериалдар ел назарында. Жалпы, фильм жүктеген жауапкершілік жайында сөз қозғасаңыз.

– Кез келген фильм, кино немесе сериал қалың қауымға бағытталғаннан кейін арзан дүние ұсынудан аулақ болған жөн. Өйткені комедияның да өзіндік жауапкершілігі болады. Көрерменнің көңілінен шығып, оң баға алатындай лайықты дәрежеде түсіре білу маңызды. Татымды әрі тартымды тартудың көкейге тұщымды ой салатыны мәлім. Аумалы-төкпелі заманның картинасын, Алаш арыстарының өмірін баяндау екі есе жауапкершілік жүктеді. Екі сағаттық фильмде ұлтты ұйыстыра білген зиялы қауымның өрелі ісін көрсету, соңына дейін алып шығу, осындай нәтижеге жеткізу оңай болған жоқ. Бірақ фильм өз мақсатына жетті.

– Мұрат Есжан бір сұхбатында «Бюджет резеңке емес, сондықтан қиялыңды шарықтатпақ түгіл, кең адымдап жүргізу мұң болады» деген еді. Соған қарамастан ұсақ-түйекке дейін мән беріп, сәтті шығуына көңіл бөлдіңіздер. Айтыңызшы, қаржыға байланысты сценарийдің өзгерген тұсы болды ма?

– Дұрыс, қиялың көкте болғанымен, қаржы жетпесе ойлағаныңды іске асыру қиын. Десе де, шама-шарқымыз жеткенше, қолымыздан келгенше бәрін жасауға тырыстық. Қаржыға байланысты сценарийде өзгерістер болды. Мәселен, сценарий бойынша бірнеше арба жазылса, бір арбаға дейін қысқарттық. Алаш әскерін түсіретін кезде 100 атты 50 етіп, тіпті соңында 30-ға дейін азайтуға тура келді. Сонымен қатар көпшілік сахна деген бар. Ол жерде негізгі әртістер емес, қосымша әртістер рөл ойнайды. Жиын мен Міржақыптың тойында көп адам жүрсе деп едік, бірақ шамамыз келмегендіктен оны да қысқартып, камераға ыңғайлап түсірдік. Сондай сәттерде амалын тауып шығамыз. Яғни, қаржы жетіспеушілігі

ойыңа тұсау болады. Содан болар, тарихи кинолар сынның астында жиі қалады. Сонда да ізденісті тоқтатқан емеспіз. Барынша ұқсастық болу үшін негізді сақтап қалуға тырыстық.

«Zhas Project» САНДЫ ЕМЕС, САПАНЫ КӨЗДЕЙДІ

«Zhas Project» жобасы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тапсырысы бойынша іске асуда. Бұған дейін де бірнеше жылдан бері көптеген жас кәсіптің табалдырығын аттап, осы жобаның игілігін көрген. Биыл аталған бағыт бойынша 14 үміткердің жобасы мақұлданады деп отыр жауаптылар.

«Жобаның мақсаты – NEET санатындағы жастарды жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық өміріне және нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту. Байқауда осал топтар мен шалғайдағы ауыл жастарына ерекше басымдық берілетін болады. Өтініштер 9 қазаннан бастап 22 қазанға дейін қабылданады. Байқауға іріктеу 23 қазан мен 31 қазан аралығында өтеді. 1 қарашада байқау жеңімпаздары хабарланады. Қызылорда облысында 14 үміткерге «Zhas Project» шағын гранты – бір адамға 1 миллион теңгеге дейін беріледі. Өтініш беруші конкурсқа қатысу үшін тек 1 әлеуметтік жоба ұсынады», – дейді Қызылорда облысы бойынша «Zhas Project» жобасының тәлімгері Өкімбек Әлібек.

Жоба үш кезеңде жүзеге асады. Бірінші кезең – қатысушылардан өтініштерді қабылдау және іріктеу, екінші кезең – кәсіпкерлік дағдыларға оқыту, тәлімгерлік қолдау, жобаларды іске асыру, ілгерілету және дамыту бойынша кеңес алу, үшінші кезең – «Zhas Project» кәсіпкерлік апталығын өткізу.

Ел жастары арасында «Zhas Project» жобасы бойынша шағын грантты тағайындауға байланысты өтініш қабылдау 9 қазаннан басталды. Жоба 18-35 жас аралығындағы жас қазақстан-дықтардың бастамаларын қолдауға бағытталған.

5 бетте

«СЫР ЖАСТАРЫ»: БАСПАНА БАҚЫТЫ

Бүгінде баспана мәселесі көптің басын қатырып-ақ жүр. Меншікті үй болса, пәтер жағалаудың да жөні болмас. Жақында ғана айтылған жағымды жаңалық төбені көкке жеткізді. Енді үйге үміті барлар бөгелмей, құжат тапсырудан қапы қалмаса болғаны. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 35 жасқа дейінгі азаматтар қатысады. Несиелеу мерзімі – 19 жыл, пайыздық мөлшерлемесі 5 пайыз. Бастапқы жарна 10 пайызды құрайды. Бағдарламаға өтініш беру 15 күн ішінде жүзеге асырылмақ. Сондықтан 26 қазанға дейін уақыт ұттырмай, құжат өткізуге үлгерген дұрыс.

– Облыстың 85 жылдық мерейтойы аясында аймақ басшысының тікелей қолдауымен көптен бері баспаналы болуды мақсат еткен және баспана кезегіне тұра алмаған жастар үшін «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасы басталды. Басты талаптар – ҚР азаматтығының болуы, қатысушының жасы 35 жастан аспауы, соңғы 2 жылда Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде болуы және кемінде бір жыл жұмыспен қамтылған болуы шарт. Бағдарлама аясында табысталатын үйлер қаланың сол жағалауында орналасқан, жалпы көлемі 66 шаршы метрден кем емес 3 бөлмелі пәтер болады деп күтілуде. Бұл бағдарлама Сыр жастарының үйлі болуы үшін үлкен мүмкіндік, – деді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров.

Мезгіл сайын пәтерге көшіп, өзгенің қалтасын қалыңдатпай, қолдағы қаржыны баспана алуға жұмсау тиімді. Мұны біз меңземесек те, көптің қаперіндегі ой осы. Сонымен аталған бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, бюджеттік сала, мәдениет, спорт, ЖОО және ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік сала, ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банктер мен құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының қызметкерлері құжат тапсыра алады. Дегенмен, қатысушылардың ресми жұмыс өтілі кемінде 6 ай көлемінде болуы шарт.

– «Сыр жастары» бағдарламасына қатысу үшін бірнеше құжаттың тізімі бекітілді. Атап айтқанда, белгіленген нысан бойынша жастарға жеңілдікпен несие беруге арналған электронды өтініш, білімі туралы құжат пен жұмыс өтілі көрсетілген анықтаманың сканерленген түрі, ҚР Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын сканерленген құжаттар, облыстық мәдениет және спорт басқармасынан сканерленген анықтамалар қажет. Үміткерді іріктеу, кезекке сәйкес санаттар бойынша тізімге енгізу жинаған балл санымен айқындалады. Нәтижесінде ең көп балл жинаған қатысушыға уәклетті органмен электронды түрде жолдама жіберіледі. Жолдаманы алған жастар әрі қарай «Отбасы банкінде» төлем қабілеттілігін растайды, содан кейін келісім шарт рәсімделіп, үй табысталатын болады, – деді «Отбасы банкі» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Әділжан Сәулебаев.

Нәзік АХМЕТ

БЕЙБІТШІЛІКТЕН АСҚАН АЙЛА ЖОҚ



5

ҚҰЫРДАҚ



6

СТУДЕНТТІК СИНДРОМНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛДЫҢЫЗ БА?



8

МӘДЕНИЕТІМІЗ ҚОҚЫСТА ҚАЛДЫ МА?

Ашығын айту керек, қазіргі Қызылорданы осыдан он жыл бұрынғы Қызылордамен тіпті салыстыра алмайсыз. Тіпті, бес жылдың бедеріндегі өзгерістердің өзі көңіл сергітіп тастайды. Әйтсе де, қала аумағында қоқыс тастау мәдениеті әлі күнге қалыптаспай келеді. Бұрынғыдай әр көшенің бұрышында тоқ бағаналарына ілінген қоқыс толы қалталардан құтыла алмай келеміз. Бұл ретте әлеуметтік желіде, телеарналар мен басылымдарда тазалықшылардың жанайқайын сан мәрте көзіміз шалып жатады. Әйтсе де, осы мәселенің көтеріліп жүргеніне он жылдан асыпты. Сол он жылда мәдениетіміз елі елі де көтерілмеген тәрізді.

Қала көшелерін аралап көрсеніз, кейде еріксіз жымиясыз. Иә, түрлі жағдаймен кезігетініңізді айтамын. Бала да, дана да, хан да, қара да ілігеді нысананызға. Үнсіз ғана қолындағы қалтаны «шебер» лақтырып, жайына кете барады. Дәл осындай видеоларды «Қызылорда тазалығы» мекемесінің әлеуметтік желідегі парақшасынан жиі байқауға болады.

«Мәдениет дегенде, мен он жылда мүлдем жылжу жоқ деп айтар едім. Неге?! Өйткені көзге

көрініп тұр. Үйінде қоқыс салатын қалтасы да, шелегі де жоқ келіндер болады. Қолына уыстап алып келіп, көшенің жиегіне қойып кетуге әбден машықтанған. Тіпті көлікпен кетіп бара жатып, байқап қалып, тоқтап үлгермейсіз. Қаптың орнына жұқа қалтаға салып қоятындар бар, онысы да ұшып, ит тартып, желмен шашылып жатады. Біз тұрғындарға қапқа толтырып, аузын буып тастауды айтып келеміз. Мәселен, Қызылорда қаласында 28 мыңға жақын жеке тұрғын үй бар. Бүгінде оның 19 мыңымен келісім-шарт жасалған. Қазір процентке шаққанда 34 процентімен мәмілеге келе алмай отырмыз. Қала көшелері бойынша қоқыс шығарылатын кесте бар. Сол уақытта тұрғындар қоқысты қапқа салып, аузын буып, шығарып қою керек. Егер табан астында көлік бұзылып қалмаса, уақытылы алынып жатыр. Көпшілік үйрене бастады. Бірақ әлгіндей жағдайлар мәдениетіміздің төмен екенін көрсетеді. Қызылордада алты ай жел

батыстан соқса, алты ай шығыстан соғады ғой. Міне, осы желмен жарысып жүріп жұмыс істейміз», – дейді «Қызылорда тазалығы» мекемесі басшысының орынбасары Ғабит Оспанов.

Орталықта қолыңыздағы қоқысты қалтаңызға салсаңыз да, жерге тастамаудың амалын жасайсыз. Камералар кино түсіруге дайын тұр. Бірақ сонда да орайын тауып, қойып кететіндер табылады. Тұрғындар пікірін тыңдадық. Олар мәдениет тұрғысында не дейді?

2 бетте





БАЛАНЫ БУЛЛИНГТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Соңғы жылдары ақпаратқа қолжетімділік артып, әлеуметтік желі қоғамдағы түйткілді мәселелерді талқыға салатын, халық пен Үкіметті байланыстыратын құралға айналды. Оған көпшіліктің қызу талқысына түсіп жататын күнделікті жаңалықтар дәлел. ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, бүкіл әлемде 150 миллионнан астам бала мектеп қабырғасында және одан тыс жерде құрдастары тарапынан зорлық көріп, қудалауға ұшырайды. Баланың баладан таяқ жегенін құптай алмаймыз, дегенмен мектеп, жоғары оқу орнындағы құқықбұзушылықтарды қойғанда, кішкентайларға әлімжеттік

көрсетіп, психикалық, физикалық зәбір көрсету бақытты балалық шақтың көрінісі болуға тиіс балабақшаларда да кездеседі. Сонымен әлеуметтік желілер мен интернет арқылы балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың түр-түріне көзіміз жете бастады. Өкінішке қарай бұған қатысты статистика мен санын тізіп, сапасыз мамандардан қол үзіп жатқандардан хабарымыз жоқ. Мәселен, 2-3 апта бұрын елордадағы ерекше мұқтаждығы бар балаларға арналған «Сати» инклюзивті балабақшасында бүлдіршіндерді ұрып-соққан тәрбиешіге қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Иә, балаға қысым көрсетуден тайынбайтындар жазалануы тиіс. Бірақ одан не өзгереді? Тәрбиеші жұмыстан шығады немесе жазаланады, ал балалардың ішкі қорқынышы, психикалық жарақаты жазылып кете ме? Болашақ тұлға ретінде қалыптасуында бір реттік физикалық не психикалық соққының өзі өмір бойы әсер етуші фактор ретінде қалып кетуі ғажап емес. Сондықтан балаларға көрсетілетін буллингтің мектеп пен отбасылық жағдайда ғана емес, балабақшадан басталатынын ескеріп, бұл жүйені өзгерту керек сынды.

Ең сорақысы – өз қызын, ұлына жыныстық зорлық көрсеткен «әке» деуге келмейтіндердің қатары көп. Атырауда бір жыл бойы өз қызын қорлап келген ер адам өз жазасын қатаң режимдегі колонияда өтеу үшін 15 жылға бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ өмір бойына ұстаздық қызмет атқаруға және көмелетке толмағандармен жұмыс істеуге тыйым салынды. Дегенмен байқағанымыздай, жаза қылмысты азайтар емес. Харассменттің

кейіпкерлеріне айналған балалардың болашағы қалай болмақ? Оларға психологиялық көмек беріліп, қолдау көрсетіле ме? Психологиялық көмектің өзі әсер ете ме? Бұл сұрақтарға жауап таппас бұрын ойланудың өзі ауыр.

Психологтардың пікірінше, жасөспірім буллингке қатыспауы һәм ұшырамауы үшін алдымен кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы шарт. Қарапайым мектептегі күні қалай өткенін, интернетті қандай мақсатта пайдаланғанын, үзіліс кезінде мектепте не істейтінін сұраған жөн. Сабақ үлгерімі ғана емес, сезімі, достарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесуді әдетке айналдыру керек. Ал баланың қатарластары тарапынан қысымға ұшырағанын қалай анықтаймыз? Әдетте буллингке ұшыраған балалар орын алып жатқан жайтты ата-анасына айтуға батылы жетпейді. Сондықтан баланың қысым көргенін дер кезінде байқай білудің маңызы зор. Мәселен, басқа біреудің тарапынан қысымға ұшыраған баланың мінез-құлқында мынадай өзгерістер орын алуы мүмкін: өзінен кішілерге агрессиямен қарау, ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы, концентрацияның жоғалуы, тыныштықта көп болу, реніш, өзгеден оқшаулану.

«Шынымен де мектепте адам құқықтары тек теориялық тұрғыда үйретіледі. Балалар арызды қалай жазуға болатынын, көшеде полиция тоқтатса, мектепте жүргенде қалтанды, сөмкенді көрсетуді сұраса, не істеу керек екенін білмейді. Мұның бәрі баланың құқығы және ол жиі бұзылады. Өйткені балалар өзін қалай қорғау керектігін білмейді. Балалар алдымен өз құқығын білсе, құқықбұзушылық та азаяр еді.

Бәріміздің білуіміз керек бір нәрсе бар: буллинг пен кибербуллингте тек агрессор кінәлі. Жапа шеккен адамның ешқандай кінәсі жоқ. Себебі, тек агрессордың ғана әлімжеттік көрсету не көрсетпеуде таңдау құқығы бар», – деді заңгер, «Адам құқықтары, инклюзия және азаматтық қоғамды зерттеу» орталығының директоры Халида Әжіғұлова

Буллингті қалай тоқтатамыз? Егер бала сыныпта қысым көрген болса, алдымен сыныптастарының ата-анасымен сөйлесу керек. Бала құқығы – талқыға түсуге міндетті тақырып. Сондықтан ортақ жиналыста емес, әр ата-анамен жеке-жеке сөйлесу маңызды. Әрекетіңіз нәтижесіз болса, онда сынып жетекшісі, мектеп директоры, психолог, учаскелік полиция қызметкерін де бұған араластыру керек.

Балалар арасындағы буллинг бұрыннан

бері талқыға түсіп, көптің көкейінде жүрген мәселенің бірі. Адам құқығы жасқа, жынысқа қарамайтынын ескерсек, бұл туралы жалпылама заңнамалар жеткілікті. Дегенмен осы жылы 14 сәуірдегі Сенат депутаттарының отырысынан кейін «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңға «Баланы жәбірлеу» (буллинг) түсінігі енгізілмек. Мұндай түсінік мектеп оқушылары арасында өткізілген әлеуметтік анкеталарды толтыру нәтижесінде заң жүзінде алғаш рет еніп отыр, әрі 18 жасқа толмағандардың ортасында зорлық-зомбылық, кемсіту, қысым көрсетудің алдын алудың, ересектердің балаға қарым-қатынасының маңызды тармағы ретінде саналатын болады.

Буллингтің түрі көп, шешімі жоқ. Қысым көрмей, бақытты балалық шағын өткеріп, анасы мен әкесіне еркелей алатын, достарымен емін-еркін, сау қарым-қатынас құра алған бала ғана еркін ойлайтын, саналы, сапалы тұлға болмақ. Ендеше заңды әрекетке, санды сапаға ауыстыратын уақыт жетті. Бір бала бүтін елмен тең. Сондықтан балаға өз құқығын қорғап, өзгенің құқығын таптамауды үйретіп, еркін, қауіпсіз қоғамды өзіміз қалыптастыруымыз керек. Ал заң мен әрекеттің таразыда тең түсуі үшін мемлекет тарапынан арнайы жобалар қолға алынса екен.

Берен
ШАҒЫРОВ



Жалғасы. Басы 1-бетте

«Мәдениетті тіпті жоққа шығаруға болмайды. Бар, әрине, әлгіндей жөн білместер. Бірақ әрбір елде бір тентек болуы заңдылық. Ал халық үйренді. Сырттан келген талай қонақ кетерде бас шайқап кетеді. Өзгеріс деген көзге ұрып

тұр. Тазалығы жақсарып, ажары артып, күн санап көркейіп келеміз. Жасалып жатқан жұмыстың жасалып жатқанын да айтайық. Ал мәдениетке келсек, оған әркім тұлға ретінде өзі жауапты. Тіпті, қоғамдық әжетханаға дұрыс шықпай кететін адамдар да көп. Сондықтан, мәдениет қайткен күнде де көтеріліп жатыр», – дейді Еркін Санжарұлы.

Иә, кеудеде намыс пен ұят, ар болса, өзінің ата-анасындай адам сары киім киіп, көше сыпырып жүргенін көргенде адам қоқысын жерге тастамас болар... Мекеме қызметкері Айнұр Зияда бұл ретте талай адамға кезіккенін айтады.

«Қаламызда қоқысты қалаған жеріне тастайтын адамдардың саны азаймай отыр. Оның ішінде, көліктерімен келіп көше арықтарына, көппәтерлі үйлердің ауласындағы контейнерлерге тұрмыстық, құрылыс қалдықтарын тастап кететіндер бар. Осы ретте қоқыс жәшігіне жеке басының тазалығы үшін ақша қимайды. Әрқайыссымыздың

қоқыс шығару мәдениетіміздің деңгейі бейберекет шашудан әрі аспайтын сияқты. «Тазалық табалдырықтан басталады», деп қазақ бекер айтпаса керек. Демек, қала тазалығы бір биліктің, тазалық мекемесінің қолында ғана

емес. Оған қала тұрғындарының тікелей қатысы яғни, қоршаған ортаға деген үлкен жауапкершілік міндеті бар. Егер де тұрғындар арасында қоғамдық сана қазірден бастап оянбаса, санитарлық тазалық бойынша атқарылып жатқан қыруар жұмыстардың елеусіз қалары сөзсіз. Ал келісім-шартқа отырмайтын адамдардың «Өзім қорада өртеймін», «Көміп тастаймын», «Үйден қоқыс шықпайды» деген тәрізді таусылмайтын уәжі бар», – дейді Айнұр Зияда.

Ғалия Бисенованың да қиындығы көп салада жүргеніне 10 жылға жуықтапты. Ол «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген

қағиданы ұстанады. Таңмен таласа келіп, түн қараңғысымен қайтқанды былай қойғанда жұмыс кестесінде сенбі, жексенбі, мейрам деген жоқ. Бір сәт тыным таппайды.

«Қай саланың болмасын өзіндік талабы бар. Менің ойымша, мұндай

дүниенің барлығын еңбекпен ғана еңсеруге болады. Ең бастысы, жұмыс істеуге қажеттінің барлығы қолымызда. Қыстыгүні қар күрейміз, жаздың аптап ыстығында, күрең күз бен көктемде де айналысар іс көп. Өзімізге бөлінген аумақтарда тазалық жұмысын жүргіземіз. Адамдар көбіне арнайы жәшіктерге баруға ерініп, белгіленбеген жерлерге темекінің тұқылын, сусынның қалдығын тастап кетіп жатады. Бірақ, бұл мәдениетке жат қылық. Мұны кейбірі түсінгісі келмейді, ал енді бірі ескертуден кейін қайталамайтынын айтып жатады», – деді Ғ.Бисенова.

Шынында, айтылған сөздің,

келтірілген мысалдың жаны бар. Есіңізде болса, бірнеше жыл бұрын шаһар шашылып жатқан қоқыстан арылмайтын еді. Ал, қазір жағдай жақсарды. Оның үстіне қала тазалығын ойлап, өздеріне тапсырылған істі тиянақты орындап

жүрген жұмысшылардың еңбегі алғысқа лайық. Тек оны еш кетіру көңіл қылжылтады. «Қоқысқа қарызыңыз бар» деген түбіртекті қолына алса да, немқұрайлық танытатындардың азаймауы да таңғалтпай қоймайды.

P.S. Қала көшелерін жаяу аралап, дамыған өркениетті қоғамның шаһарының шырайына шомылып келемін. Балмұздақ жедім де, оның қорабын шиыршықтап қолға ұстадым. Су іштім, су таусылды, құтысы қалды. Оны да қолға ұстадым. Иә, көшеге, қуысқа лақтыра салуға мәдениетім жібермеді. Ал тастайын десем, көзіме қоқыс жәшігі ілікпеді. Бұл тұрғыдан кімнен қоқыс тастау мәдениетін талап ете аламыз деген де сұрақ туындайды. Осы сұраққа да жауап іздеп қою керек сияқты. Бәлкім, халыққа жағдай жасай алмағаннан да бар шығар... Кім білсін?! Төреші біз емес, ой түюді қалың оқырманның еншісіне салдық...

Дәулет ҚЫРДАН





«ОЯН ҚАЗАҚ!» ҰЛТ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖАРАНЫ ЖАЗДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Жазбаларда тарихи оқиғаның өзі жиі өзгереді. Зерттеуші-ғалымдардың да пікірі сан қилы. Осы ретте қандай дерекке сүйендіңіздер?

– Кешегі кезеңге көз тастау үшін тасқа қашалған тарихқа үңілген ләзім. Бір ғана деректің, бір ғана тақырыптың төңірегінде айналып, зерделі зерттеу жүргізіп, сана сүзгісінен өткізу артық етпейді. Тарихи деректерге қатысты фильмнің режиссері, сценарист Мұрат Есжан көп жерде айтып жүр. Яғни, Алаш ғалымдарының еңбегін түгел қарап шығуға тырыстық. Сөйтіп ортақ тоқтамға келген дәйекті деректерді негіз еттік. Фильмнің соңында 40-қа жуық пайдаланылған әдебиетті көрсеттік. Мұндағы мақсатымыз – қандай да бір ақпарат, идея, ой алынған зерттеу еңбектің авторларына құрмет көрсету. Сондықтан нақты бір ғана адамның еңбегіне сүйендік деп айта алмаймыз. Алаштану ғылымына үлес қосып жүрген ғалымдардың ешқайсысын шет қалдырмауға тырыстық.

– Қазір зілі жоқ әзілдер басым. Қоғамдық құбылыс қалжыңның қалтарысында қалып жатыр. Алғаш туындыны түсірерде қандай да бір күмән болды ма?

– Әрине, қазір күлкі мен әзілдің кең етек алған кезі. Жанрда тұрған ештеңе жоқ, тек жеңіл дүниеге ет үйреніп кетпесе болғаны. Сериал етіп түсірерде ешқандай күмән болған жоқ. Өз аудиториясын қалыптастыратынын сездік. 6 бөлімді сериал көрерменнің ықыласына бөленді. Қаралым жағы да көңіл қуантты. Кейін кинотеатр экранына жол тартатындықтан күмән болғаны рас. «Түрлі комедиялар толастамай, халыққа өтімді болған тұста тарихи фильмнің 2 сағат көрерменін тапжылтпай

ұстап отыруы неғайбыл» деген пікірлер де айтылды. Сонда да тәуекелге бел буып, көрерменге сеніп, Алаш ардақтыларының өмірі әлі де өзекті екенін дәлелдеп шығады деген үмітпен фильм нұсқасын жасадық. Негізі бұл туралы «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы ұсыныс айтып, қолдау білдірген болатын. Сондықтан бірден іске кірісіп, монтаждау жұмысын бастадық.

– «Міржақып. Оян, қазақ!» санаға сәуле түсірді. Содан болар фильм прокаттан алынғанда жұрт шуласты. Сіз де саяси астар жоғын айтып, мәселені түйіндедіңіз. Жалпы сұраныстың жоғары болғаны қуантқан болар?

– Иә, фильм көрсетілімін тоқтатқанда елдің шулағаны бір жағынан қуантып, уайымға да салды. «Ел неге шулап кетті?», «Дұрыс түсінбей қалды ма?» деп абыржыдық. Бұл жерде саяси астар жоқ. Әу бастан көрсетілім екі аптаға жоспарланған болатын. Кейін көрерменнің сұрауымен қайтадан экранға шықты. Әлбетте, сұраныстың жоғары болғаны қуантты. Тіпті түгел сыныптың оқушылары мен отбасы, қызметкерлердің қалыспай баруы рухани мұраға атүсті қарамайтынын аңғартты. Фильмнен соң бізді белгілеп, толассыз пікір қалдырғандар тағы бар. «Сеанс жетпей қалды» деп жазып, фильмді көруге асық екенін жеткізген көрермен қатары көп болды. Бұл тарихты терең түйсінуге талпынған қазақ даласын біріктірген жоба іспетті сезілді. Өзге ұлт өкілдері де барып, жылап, мұңымызды бірге бөлісіп жатты. Психотерапевт Жұлдыз Төлеу айтқандай, ұлттық травмаға нағыз терапия болғаны даусыз.

Ақмешіт – туған жерім. Осы ретте қызылордалық көрермендерге ризашылығымды білдіремін. Кинотеатрда аншлаг жасап, жылы лебізін


айтты. Қолдау білдіріп, тарихымызға немқұрайлы қарамаған туған жұртыма алғысым шексіз.

– Әр сахнада жалаң жаттандылық жоқ. Диалогтың өзі жүректі қозғап жібереді. Ми қатпарында төңкеріс жасады. Түсірілім барысында көңіл босаған күндер болды ма?

– «Ұлы фильм жасау үшін үш нәрсе керек: сценарий, сценарий және тағы да сценарий» деген А. Хичкоктың сөзінің жаны бар. Мәтіннің құрылымы дұрыс болмаса, елең еткізбесе бастан-аяқ көрерменді ұстап отыру мүмкін емес. Эмоционалдық тұрғыда да әсер етпесе мәтіннің осал болғаны.

Иә, түсірілім кезінде көзге жас алып, жүректі шым еткізген сәттер болды. Әсіресе түрмедегі түсірілім жанға батты. Түрменің аурасы да ауыр еді. Сондай-ақ Гүлнардың әкесімен қарым-қатынасы ет жүрегіңді езіп жібереді. «Әке» деп шырылдайтын сахнасы жанарға жас үйіріп, көңілге мұң ұялатты. Қатал тағдыр қамыты сүргінге сүйрелесе де ел болашағына бей-жай қарамаған Міржақып атамыздың қайсарлығы қайран қалдыратыны шындық. Сондықтан қиындыққа қасқайып тұрған ата-бабамызға разымыз.

– «Біткен іске сыншы көп» дейміз. Тырнақ астынан кір іздегендер табылды ма? – Әр оқиғада шынайылық



басым болу үшін жаныңды саласың. Қажетті реквизиттерді табуға жанталасып, құрап-қиыстыруға тура келеді. Күн-түн демей, көз ілместен дайындық жүргізу жеңіл іс емес. Жарығы жоқ жерде, топырақтың ортасында жүріп түсірген сахнаға жылы жерде отырып бір-екі ауыз пікір айту оңай. Біткеннен кейін бұрысын іздеп, тақырыпты қазбалайтындар бар. Тіпті ұлтараздық тудырады деп теріс пікір айтқандар да кездесті. Айтылған сынды қабылдай аламыз. Қоғам болғаннан кейін әркімнің өз ойын білдіретінін білеміз. Десе де фильмге қатысты сыннан гөрі алғыс пен мақтауды көп естідік. Бұл маңдай теріміз бен еңбегіміздің еш кетпегені.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН



Сыр өңірінде біршама игі бастама қолға алынып, тіпті Қорқыт ата мұрасы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген. Ізінше аймақ орталығында «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылып, Қорқыт ата мен қобызды қатар ұлықтауға жол ашылғаны белгілі. Бұл барша түркі жұртының ортақ қуанышына айналды. Осыған орай апта басында ансамбльдің көркемдік жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, қобызшы Салтанат Пұсырмановамен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Салтанат Сухамберліқызы, алдымен өзіңіз жетекшілік ететін «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблінің құрылу тарихын айтып өтсеңіз?

– 2018 жылы «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» атауымен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралары тізіміне енді. Соған орай Қорқыт ата мұраларын насихаттауға бағытталған 5 жылдық кешенді іс-шаралар жоспары әзірленген болатын. Жоспар аясында 2020 жылы Қызылорда облыстық

филармониясы жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. Ансамбль құрылғалы көптеген концерт ұйымдастырылды. Онлайн шаралар да қалыс қалмады. Тіпті Қорқыт ата кесенесіне барып, бабаның батасын алу мақсатында фильм-концерт түсіріліп, бейнебаян әзірленді. Бұл – Қорқыт бабаның күйлерін насихаттау мақсатында басталған игі жоба. Себебі, ұлттық мұра ұмытылмауы керек.

Бүгінде ансамбльдің құрамында 17 қобызшы, 1 жетігенші, 1 сүйемелдеуші бар. Құрамның білім-білігі де осал емес. Барлығы талантты, ізденімпаз мамандар. Ансамбльдің құрамында Қазақ ұлттық музыка академиясы мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлектері еңбек етеді.

– Ансамбльдің қоржынында қандай шығармалар бар?

– Ансамбльдің репертуарында 40-тан астам шығарма бар. Оның ішінде классикалық, дәстүрлі музыка да қамтылған. Алайда басым бөлігі Қорқыт атаның күйлеріне негізделуде. Бүгінгі таңда Қорқыт бабаның 7 күйін репертуарға енгіздік. Алдағы уақытта ансамбль шеберлігін жетілдіріп, шығарма санын арттыру жоспарда бар.

– Құрылғанына көп болмаса да халықаралық байқауларға

қатысып келесіздер. Нәтиже қалай?

– Жетістік көп. Халықаралық байқауларда топ жарып, ел абыройын асқақтатуға мүмкіндік туды. Мәселен, Украина елінде өткен «Яскраві таланти осені» байқауында бас жүлдені иеленсек, Лондонда өткен «2020 таланттары» атты фестивалда жеңіс тұғырынан көріндік. Қобыз құдіретін әлем жұртшылығына таныстыру, әсем үнін, өзіндік бояуын нақышына келтіре жеткізуге қобызшылар да барын салып келеді. Аталған жетістіктер ансамбль құрамының табандылығының нәтижесі екені сөзсіз.

– Қобызшылар ансамблін Сыр өңірі қалай қабылдады?

– Әрбір концертте тыңдарман ерекше ықылас қойып тыңдап, ұлттық өнерге деген қамқор көңілін білдіріп жатады. Мысалы, «Сарын» атты 1 жылдық есепті концерт өтті. Кешке қызығушылық танытып, тамашалауға келген тұрғындардың санын көріп, ұлттық мұраға бей-жай қарамайтын халықтың көптігіне іштей разы болдық. Тыңдармандардың қошеметі мен ықыласы ерек. Тіпті, Сыр өңірінде осынша көп қобызшының бірігіп, ансамбль құрғанына таңданыс білдіргендер де болды. Шара соңында қарт кісілер батасын беріп, алғаусыз

алғысын жаудырып жатты. Қорқыт мұрасын жарыққа шығарып, қобызды насихаттау жолындағы ансамбльдің еңбегін жоғары бағалап, тілеулес көңілін білдірді, ағайын. Себебі қазақ, қобыз – егіз ұғым екені ежелден мәлім. Сондықтан Сыр өңірінің киелі аспапқа деген пейілінің тазалығы, ниетінің биіктігі ықыласынан білініп тұрады. Өнер адамы үшін бұдан асқан қандай баға керек?

– Өзіңіз қобызды серік етіп жүрген сала маманысыз. Шығармашылық жаңалығыңызбен бөлісе кетсеңіз...

– Бүгінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде қобыз аспабының оқытушысымын. Ұстаздық жолға түскеніме 30 жылдан астам уақыт болды. Шәкірттерім Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі, Ақтөбе халық аспаптар оркестрі және Астана филармониясының халық аспаптар оркестрі секілді беделді ұжымдарда қызмет атқаруда. Олардың қобызға деген ынтасы мен талабы зор. Үнемі ізденісте жүреді.

2007 жылдан бастап Тұрмағамбет атындағы халық

аспаптар оркестрінде қобызшылар тобының концертмейстері болып жұмыс істедім. «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылғалы көркемдік жетекші қызметін атқарып келемін.

– Ансамбльдің алдағы жоспарымен бөліссеңіз?

– Өлемді жайлаған індет салдарынан біршама бастама уақытша кейінге шегеріліп, кейбір концерттік онлайн форматта ұйымдастыруға тура келген еді. Ел аман, жұрт тыныш болса, әлі талай мақсат-міндет бар. Концерттік бағдарламаларда академик Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди сынды қазақтың белгілі композиторларының шығармаларымен қатар, жас сазгерлердің де туындыларын насихаттау ойда бар.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Е.ЯКУДАЕВ



Білімнің кеңістігінде керуен кешіп жүріп тек оқу оқып ғана қоймай, сонымен қоса бірқатар мемлекет ұсынып отырған бағдарламалар арқылы мүмкіндікті құр жібермеуге болады. Қазір студенттер үшін шетелде білім алып, тәжірибе алмасу оңай. Елімізде жыл сайын өзге мемлекетте білім алуға ынталы студенттердің саны артып келеді. Қазақстанда статистика бойынша 14%-тен астам жас өзге елде білім алады екен. Тек білім нәрімен сусындап қоймай, өзге елдің мәдениеті, салт-дәстүр көкжиегімен танысып, көрінісін тамашалап, танымын арттыруда. Италиядағы «University of Siena» оқу орнында экономика, бизнес менеджмент саласында оқып жатқан Баян Сәрібаевамен тақырып тінін тарқатқан едік



Мүмкіндіктен құр қалмау керек
Қазіргі таңда шетелде оқу қолжетімді. Назарбаев Зияткерлік мектебінің түлегі болғандықтан, өзге мемлекетте оқуға деген ынтам мектеп қабырғасында білім алып жүргенде-ақ ашылған еді. Сол кездері шетелден тәжірибе алмасу үшін келген мұғалімдер сабақ беріп, өзге мәдениетке деген қызығушылықтың артуына ықпал етті. Бүгінде Италиядағы “University of Siena” ЖОО-да экономика, бизнес менеджмент саласында сапалы білім алудамын.

БІЛІМ МЕН МҮМКІНДІК ҰШТАССА...

Өзге тіл тірлік үшін

Білім алу деңгейі, өмір сүру салты алуан түрлі болғандықтан, тілдік барьер бастапқыда ғана болды. Қуанышымызға орай, елімізде 3 тілде оқыту жүйесі жақсы дамыған. Ағылшын тілін өздігімше балалық шақтан меңгеруді бастап едім, осы күні білім алуға және жаңа достар табуда игілігіме жарап отыр. Италияндықтармен араласу арқылы жаңа тіл үйренуге деген құштарлығым артып болып келеді. Әйтсе де, «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген қандастарыммен ана тілімізді бұрмаламай, таза қазақша сөйлейміз.

Шетел шеттетпейді

Итальяндықтар қазақтар секілді қонақжай. «Сәлем – сөздің анасы» деп бекер айтылмаса керек, жергілікті тұрғындар күнделікті бір-бірінің амандығын сұрап, қолдан келген көмекті аямайды. Жат елден екенімізді біліп кемсітпей, керісінше өз қатарына қосып, құшақ жая қарсы алды.

Елге ораламын

Шетелде білім алудың арқасында Италияны әр қырынан танып, мәдениетімен таныстым. Жаңа білім алдым. Десе де Қазақстанға оралуға асықпын. Қазақстанның ілгері басып, азуы алты қарыс дамыған елдермен терезесін теңестіруге атсалысуды борышым деп есептеймін.

Нұршат НЫШАНОВА




Әлемде үндістер мен испандар үздіксіз 300 жыл бойы соғысқан. Ал рим-парсы соғысы 700 жылға жалғасқан деген де деректер бар. Адамзат баласы жаратылғалы бері қанша ғасыр, қанша жыл?! Бірақ әлі де бір-бірімен түсінісе алмай келеді. Алматыда бір танысымның неміс көршісі бар. Әлгі кісінің жасы 70-тен асқан. Қазақстанда туған, осында еңбек еткен, солай қалып қойған. Әйтсе де, тарихи отанына бір барып келді. Тұра алмады. Бата беріп, ас қайтарып, құран оқығанын көрсеңіз, тәнті боласыз. «Дінііз қандай?» деген сұраққа сол кісінің жауабын айтайын. «Ар жағында бәрімізде бір Құдай. Бер жағында өзіміз ғой бөліп алып жүрген. Бас-басымызға Құдай қайдан?» деген еді. «Барлық адам баласы бір ананың» деп, түсінісе алмай жүрген мына әлемде жоғарыда айтып өткендей ұзақ-ұзақ соғыстар мен қақтығыстар өткен. Тарихтың тамырын тартып, біз білетін бірсыпырасына тоқталып өтсек...

Тарих толқынында екінші дүниежүзілік соғыстың алар орны орасан зор. Деректерге жүгінсек, бұл майданға 61 мемлекет және әлем халқының 80 проценті қатысыпты. Әлемнің 40 мемлекетінде соғыс қимылдары жүрді. 110 миллион адам әскерге алынды. Сондай-ақ 50-55 миллион адам қазаға ұшырап, 4 триллион доллар көлемінде шығын шықты. Біз білетін осы деректің өзі соғыстың қаншалықты ауыр екенін көрсетеді. «Балалар жыламасын! Аналар баласыз, жарсыз, балалар анасыз, әкесіз қалмасын!» деп тілеген әлемнің әрбір мемлекетіндегі жандардың тілегі қабыл болғай!

Рим-Карфаген соғысы

Ғасырдан асып, 118 жылға созылған бұл соғыстың тарихы мүлдем бөлек. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда келіп римдіктер бүкіл Италияны бағындырды. Енді бай арал – Сицилияны басып алуды жоспарлай бастады. Бірақ ол аралға көз тігіп



отырған жалғыз мемлекет римдіктер емес еді. Сицилияны бағындыруды сол кездегі құдіретті патшалық саналған карфагендіктер де жоспарлап отырған болатын. Осылай екі алып королдік ортасында кескілескен соғыс 118 жыл ішінде 3 (ең ірі соғыстары) рет болып өтті. Соңғы 3 жылда арадағы соғыс өрті шарықтау шегіне жетті. Шешуші шайқасқа римдіктер «Карфаген толықтай жойылуы шарт» деген ұранмен майданға кірді. Нәтижесінде римдіктердің мерейі үстем келіп, шынында да Карфаген елі жер бетінен жойылып кетті.

100 жылдық соғыс

Тарихта 100 жылдық соғыс атымен болған бұл майдан 116 жылға созылған. 1328 жылы француз королі Карл IV қайтыс болды да, таққа мұрагер табылмады. Осыны пайдаланған ағылшын королі Эдуард III (1327 – 1377) өзін қайтыс болған корольдің жиені ретінде тақтың мұрагерімін деп жариялады. Бірақ француз ақсүйектері әйелдер жағынан тараған ұрпақтың Франция тағын иеленуіне тыйым салатын ежелгі дәстүрге сүйеніп, қайтыс болған корольдің алыс туысы, Валуа әулетінен шыққан Филипп IV король тағына отырғызды. Эдуард III алғашында бұл шешіммен келісті. Көп ұзамай жаңа корольдің белсенді әрекеттерінен өзінің Франциядағы иеліктеріне қауіп төнетінін түсінді. 1339 жылы ағылшындар Францияға сәтсіз жорық жасады. Келесі жылы жорықтарын тағы қайталады. Бұл жолғы шабуыл сәтті аяқталып, француз флоты

толық жойылды. Филипп IV бітім сұрауға мәжбүр болды. Алайда бұл бітім ұзаққа созылмады. Бұл соғыс екі ел тарихында да үлкен рөл атқарды. Еуропадағы иеліктерінен айырылған ағылшындар басқа құрлықтарды басып алуға кірісті де, көп ұзамай аса күшті теңіз державасына айналды. Ал Франция бір орталыққа бағынған мемлекет болып қалыптасты. Жүзжылдық соғыс рыцарьлардың дәуірі өткендігін, болашақ соғыстарда шешуші рөлді оқ-дәрімен атылатын қарулармен қаруланған халық жасақтары атқаратынын көрсетіп берді.

Грек-парсы соғыстары

Қазақ «елу жылда ел жаңа» дейді. Бұл соғыс елу жылға созылды. Біздің заманымызға дейінгі 500-449 жылдар аралығын қамтыған. Ахемен әулеті мен ежелгі грек қала-мемлекеттерінің (полистерінің) арасында болды. Қақтығыстар мен соғыстар бірде тоқтап, бірде тұтанып, 449 жылға жетті. Нәтижесінде Кипрдегі Саламин қаласының жанында бітім жасалды. Ол бойынша Персия өздерінің Эгей теңізіндегі, Геллеспонт пен Босфордағы иеліктерінен айрылып, Кіші Азиядағы грек қала-мемлекеттерінің саяси тәуелсіздігін мойындады. Грек-парсы соғыстарындағы гректердің жеңісі Ахемен әулетінің әлсірей бастағанын көрсетті. Осы соғыстан кейін грек құл иеленушілік қоғамы гүлдену кезеңін бастан көшті. Соғыстар барысында Делосс одағын құрған Афинаның күшеюі басталды.

Гватемала соғысы

1960 жылдан 1996 жылға дейін созылған азаматтық соғыс 36 жыл болды. «Коммунизмге қарсы күрес» деген атпен танымал. Алғашқы жылдары соғыс нәтижесінде жылына 6-7 мың адам қайтыс болса, 80-жылдардың ортасында соғыс өрті күшейіп, бір жылдың ішінде 669 рет қақтығыс орын алды. Соның нәтижесінде 1 жылда 200 мыңнан артық адам өлді.

Вьетнам соғысы

Тұп-тура он сегіз жылға созылған бұл соғыс АҚШ және Кеңес Одағының тарихы мен мәдениетінде елеулі із қалдырды. XX ғасырдағы ең ірі, есте қаларлық соғыстардың бірі. Алдымен азаматтық қақтығыстан басталып, кейін талай жылды қанжығасына байлады. Талайды ажалға айдады. Бұл соғысқа Вьетнам, Қытай, КСРО, АҚШ және СЕАТО ұйымы араласты. Бұл соғысты 1957-1964 жылдар аралығындағы Оңтүстік Вьетнамдағы азаматтық соғыс, 1965-1973 жылдар арасындағы АҚШ толық араласқан майдан және 1973-1975 жылдардағы соғыстың ақырғы кезеңі деп бөліп қарастыруға болады. Америка 60 мыңға жақын сарбазынан айырылды. Оған қоса, 150 мыңнан астам әскері елге келген соң өздеріне қол жұмсады. АҚШ тарихындағы қанды сиямен жазылған дерек еді бұл. Ал Вьетнам осы уақыт аралығында миллионға жақын сарбазынан айырылды. 2 миллионнан астам қарапайым халқы қырылды. Мүгедек болып қалғандары қаншама...

Таяуда әлеуметтік желіде ресейлік сарбаздардың отбасымен қауышып жатқаны, қызының мектеп бітіру кешіне барған көңіл қозғарлық видеолары жарық көріп жатыр. Иә, бейбітшілікке ештеңе жетпейді, соғыстан пайда тапқан адам жоқ. Мұны әркез қаперде ұстаған дұрыс. Әйтсе де, ел қорғау ісінде сақадай сай болған жөн екені тағы анық.

Аян СПАНДИЯР



БЕЙБІТШІЛІКТЕН АСҚАН АЙЛА ЖОҚ...

«ZHAS PROJECT» САНДЫ ЕМЕС, САПАНЫ КӨЗДЕЙДІ



Жалғасы. Басы 1-бетте

«Бұл – коммерциялық жоба емес, әлеуметтік жоба. Осыны есте ұстау керек. Мәселен, үйде отырған аналарды оқытамын, қайта даярлаймын, мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытамын, олардың мәселесін шешемін, оларға қажетті арба жасаймын, оны тегін таратамын деген сияқты жобалар. Олар ұтқаннан кейін жыл аяғына дейін екі ай тегін қызмет көрсетеді. Ары қарай коммерциялық негізде жұмысын жалғастыруға болады», – дейді Әкімбек Мұратбекұлы.

Әлбетте, әрбір кәсіптің әлеуметтік жауапкершілігі болу керек. Қоғам осылай ғана дамиды. Бірі-бірін демеп, қолдағанда ғана бақ қонады. Иә, бағдарлама аясында жастарды кәсіпке тартатын түрлі жобалар көрініс тауып жатады. Әрине, екі қолға бір күрек іздеген әрбір жастың кәсіп бастауға мүмкіндігі де, құқы да бар.

«Бұл жоба жастарға көп мүмкіндіктер береді. Әсіресе, жұмыссыз жастарды, пробация тіркеуінде тұрған жастарды

қоғамға бейімдеуде, осы қоғамның белсенді мүшесі болуына зор мүмкіндік. Ал қаражат ұлғайту бойынша ешнәрсе айта алмаймыз. Қазір де сол 2018 жылы бекітілген қаржы көлемі. Ал грант санына байланысты айтатын болсақ, 2018 жылы тек



Қызылорда облысының өзіне 400 грант бөлінген еді. Ал қазір Қазақстан бойынша 480 жоба қарастырылған. Жоба саны қысқарғанмен, сапа артады деп сенемін. Жастардың қызығушылығы өте жоғары. Кейбірі талапқа сай болмауына байланысты ғана кейін қайтарылып жатыр. Қазірдің өзінде 200-дің үстінде өтінім түсті», – дейді Әкімбек Әлібек.

Байқауға қатысу үшін өтініш беруші барлық қажетті

сауалнама деректерін және жобалық өтініш нысанын толтыра отырып, ақпараттық ресурста тіркелуі тиіс. Техникалық іріктеуден өткен барлық өтініштер комиссия мүшелерінің қарауына жіберіледі. Байқау комиссиясы сыртқы сарапшылардан тұрады және бағалау критерийлеріне сәйкес жобаларды таңдайды. Оның құрамында жастар саясаты, қоғамдық даму басқармасы, жастар ресурстық орталықтарының және жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері болуы тиіс.

Шынтуайтына келсек, елде «Елдің қамы үшін кірістім» деп, қоғамдық жұмыстың артына өзінің жеке мүддесін қиюластырып қоятын кәсіпкерлер жетіп артылады. Әсте ол толқынның ізін басқан жаңа толқынды дұрыс бағытқа баулуда бұл жобаның қосар үлесі қомақты сияқты.

Дәулет ҚЫРДАН

АРАЛ: ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ

Бүгінгі таңда кәсіпке бейім жас көп. Бірқатары Арал ауданында тұрады. Мұны кәсіпке бейім жастардың жәрмеңкесінен байқадық.

Арал аудандық Отбасын қолдау орталығында 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша жәрмеңке өткізілді.

Жәрмеңкеде грант алушылар өз өнімдерін қойды. Кондитерлік және наубайхана өнімдерін, жартылай дайын өнімдерді, балық, ет өнімдері және тігін шеберханасының бұйымдары, саз балшықтан жасалған бұйымдар, той-табақ бұйымдарын ортаға шығарды.



Бүгінге дейін қоғамдық көлікке қатысты айтылған сын көп. Бірі адам сыймай жатқанына шағымдана, екіншісі автобусты көп уақыт күтетінін жеткізіп өлек болды. Ал қазір қала аумағында бұл олқылықтың орны толып келеді. Себебі қала ажары су жаңа автобустармен көркейе түскендей. Одан қалды сыйымдылығына айтылар сын азайды. Уақыт интервалы да реттелді. Бұған қала тұрғындары бек риза. Шежірелі өңірдің 85 жылдығы, Қызылорда қаласының 205 жылдығы аясында жолаушыларға қызмет көрсететін 50 жаңа автобус тұрғындар игілігіне берілді.

Автобус кілтін табыстау рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қызылордалықтарды құттықтап, көлік инфрақұрылымын дамытуға баса мән берілетінін айтты. «Президентіміз «Стратегиялық бағдарламаларды сапалы жүзеге асырудың негізгі міндеті – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттырғанда ғана орындалады» деген болатын. Қазір демографиялық ахуал жақсарып, қала аумағы кеңейді. Халық санының өсуі қоғамдық көлікке деген

сұранысты жыл сайын арттыруда. Өткен жылы жергілікті бюджеттен бөлінген 1,4 млрд теңгеге «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы 150 заманауи жаңа автобус алынды. Биыл шаһардағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін қосымша 150 автобус алуға 1,6 млрд теңге бөлінді. Бүгін 50 автобусты табыстаймыз. Қалғаны жыл соңына дейін қызметін бастайды. Мемлекет халық алдындағы міндетін орындауда. Ендігі жерде «Қызылорда автобус паркі» ұжымы мен қала тұрғындары да жаңа көліктерге

жанашырлықпен қарайды деп сенемін. Осы жерде уақытпен санаспай, халыққа қызмет көрсететін қоғамдық көлік жүргізушілеріне алғысымды білдіремін. Сіздерге артылар сенім, жауапкершілік жүгі ауыр. Халық алдындағы міндеттеріңізді абыройлы алып жүргейсіздер», – деді аймақ басшысы.

Жаңа автобустар ұлттық стандарттарға сәйкес тексеруден өткен. Сұраныс арқылы жергілікті жердің климаттық жағдайына бейімделіп дайындалған.

Қоғамдық көлік қатары толықты




ЖӘРМЕҢКЕСІ

Шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Б.Жұмағұлов қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

«Өткен жылы да осындай игі істер көп болды. Биыл өз жалғасын тапты. Осындай ерекше дүниелерді жасап, сүйікті істеріңізбен айналысып жатқандарыңызға қуаныштымыз. Сіздерге сәттілік тілей отырып, тұтынушыларыңыз көп болып, өнімдеріңіз молая берсін демекпін. Мемлекет ұсынған мүмкіндікті пайдаланып, аудан мерейін тасытып отырғандарыңызға шынайы алғысымыз шексіз», – деді аудан әкімінің орынбасары.

Жәрмеңкеге барлығы 32 кәсіпкер қатысты. Оның ішінде көпбалалы, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, мүгедектер, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек бала күтушілер және жастар бар.

«АРМАНДА» ФОРУМЫ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Арманда» республикалық форумын өткізу үшін Қызылорда облысына іссапармен келген медиаменеджер, қоғам қайраткері Арман Давлетяров, қоғам белсендісі, журналист Ләйла Сұлтанқызы және белгілі теолог Нұрлан Асановпен көздесті. Кездесуде форумның ұйымдастырушысы шараның негізгі мақсаты туралы айтты.

– Жиында жойылуға жақын мамандықтар мен сұранысқа ие қызмет түрлері жөнінде кең мағлұмат берілді. Спикерлер өмірлік тәжірибелерін айтып берді. Отбасы құндылығы, гендерлік теңдік және әйелдің қоғамдағы рөлі туралы тақырыптар қозғалды. Дін мен ұлттық салт-дәстүрді ұштастыру, ұлттың болмысына сай жастарға әдет-ғұрыпты дәріптеу тетіктері де талқыға салынды. Қатысушылар түрлі сауал қойып, емін-еркін диалог өрбіді. Айта кетейік, бұл шараны арасында алғашқы болып Қызылорда өңірі алғаш болып өткізуде.

Аталған жоба аясында форум спикерлері өңірлердегі балалар мен қарттар үйлерін және тағы басқа әлеуметтік мекемелерді аралап, студенттер мен аз қамтылған отбасылармен кездесіп, игі іс жасауға атсалысады. Олардың жалпы аудиториясы 10 миллионға жуық адамды құрайды.

МЕКТЕПТЕГІ ЖӘРМЕҢКЕ



«Мансап» мектебінде дәстүрлі жәрмеңке өтті. Мақсат – оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру.

Жәрмеңкеге 1-11 сынып аралығындағы оқушылар қатысты. Оқушылар қазақ, ұйғыр, корей асханаларының тағамдарын өз қолымен дайындап әкелді. Сондай-ақ ата-ана тарапынан да қолдау болды. Тағамдардың тіл үйірерлік дәмін көрген мектеп ұжымы мен ата-аналар бар ассортименттегі тағамдарды сатып алды. Бұл шара барлық санитарлық талаптарға сай өткізілді. Яғни, тамақтан упандудың алдын алу мақсатында май, кілегей, және ет қосылған тағамдар сатылымда болмады. Жәрмеңке барысында көңілді кеш ұйымдастырылды.

Диана ҰЛАНБЕКҚЫЗЫ,
«Мансап» мектебінің оқушысы

Еңбектен
тапқан бақыттың

Адал ісіне ақы сұрамас еңбеккер жандардың болмыс-бітімі бүгінгі ұрпақтың бағыт алар бағдарына айналары белгілі. Себебі туған жеріне, өскен өңіріне адал қызмет еткен жандар қашанда мақтан төрінде, марапат биігінде. Заман көшінде ілгері басып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік салмағы бар жандар Сыр өңірінде жетерлік. Баян Сарманова – саналы ғұмырында қажырлы еңбек етіп, көптің көңілінен шыға білген осындай өнегелі өмір иесі.

Өңіме арқауына айналып отырған Баян Сарманова Қазалы ауданы, Қазалы ауылында (қазіргі атауы Ақсуат ауылы) дүниеге келген. 1979 жылы сондағы №100 орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы Сән және дизайн колледжіне түсіп, сәтті тәмамдап шығады. Араға уақыт салып, 1983 жылы алып шаһардағы тағы бір белді оқу орны республикалық медицина колледжіне түседі. Мұнда да жақсы оқыған Баян апайымыз оқу жылын үздік бітірген. Алғаш еңбек жолын Алматы қаласындағы ІІМ емханасында медбике болып бастады. Арада бірнеше жыл өткен соң ес біліп, етек-жеңін жинаған туған ауылына қайта оралады.

Сөйтіп, 1993 жылы селолық учаскелік ауруханаға медбике болып жұмысқа қабылданды. Алғаш жұмысын бастағаннан-ақ біліктілігінмен көзге түскен ол жаңа бағыттарда жұмыс істей бастайды. Олай дейтініміз, кейіпкеріміз 2000 жылдан бастап №100 орта мектеп жанындағы интернат үйінде тәрбиешінің көмекшісі болып, ал 2015 жылдан көшеге дейін интернат үйінің медбикесі қызмет етіп келеді. Бүгінде талай жыл жемісті еңбек еткен ол зейнеткер шығып отыр.

Саналы ғұмырын медицина саласына арнаған жан еткен еңбегі үшін еленді де. Оның бәрін тізбектемесек те, апайымыздың елден алған алғысын көз көрді. Талай ауыл адамы мен балалардың жанынан табылып, ауыра қалса емдеген ақ халатты абзал жан өз саласында да, ауыл тарихында да өзіндік қолтаңбасын қалдырып, оған сүбелі үлес қосты.

Альфира НҰРХОЖАЕВА,
Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы
№100 орта мектептің кітапханашысы

Кеңшарлар тарап бітіп, адамдар өз бетінше тіршілік етуге кіріскен уақыт болатын. Өз бетімізше қимылдауға дағдылана алмай, әлі де айналамыздағы көршілерді, ағайындарды көмекке шақырып, ауыр тірлікті бірігіп бітіріп жүрдік. Осындай күндердің бірінде бір ағамыз мақта суаруға жәрдем беруге шақырды.

Үш-төрт жігіт боп сәске уақытында мақталығына келдік те топан суды игеруге кірісіп кеттік. Мақта суарудың да өз



қиындығы бар, су шіркін сайға қарай қашады ғой, біз шашау шығармай, мақтаның ішіне бұруымыз керек, сөйтіп ана шөлден қаталап, қарайып, сұры қашып кеткен мақтаның мейірін қандырып, суаруға тиіспіз. Әйтпесе ана мақта оңала алмайды да, өнім бермейді.

Оңай емес екен, соқталдай төрт жігіт шаршадық та қалдық.

– Қазір, сәл шыдандар, түсте қуырдаққа тоясыңдар. Жеңешелерің қуырдақ дайындап жатыр, – деді жердің иесі бізге.

Қуырдақты айтып еді, сілекейіміз шұбырып қоя берді.

– Ненің етінен? – деді арамыздағы тамақсаулау бір жігіт.

– Барғасын көресіңдер.

Бір білерім, ондай қуырдақты жемедіңдер!

– Сонда қалай? Аюдың етінен жасалмаған ба, әйтеуір?

Қанша шаршасақ та, ана ағамыз қуырдақты айтып, тамсандырып қояды да жұмысты тездете түсеміз. Қуырдақ бізге

ҚУЫРДАҚ

әжептәуір мотивация болды, сол күні.

Суды жайғастырып бітемің дегенше түс болды. Жетісайдың шілдесі қандай болатынын айтпай-ақ қояйын, ана ыстықта өзіміз қуырдақ боп қала жаздадық. Тек мақтаға ағып жатқан су ғана жанымызды сақтайды, бір сүңгіп аламыз да,



жұмысты жалғастыра береміз.

Тапа-тал түсте суды жайғастырып та біттік-ау. Асығыс

жуындық та, ағамыздың жүк мәшинесіне қарғын мініп алдық.

– Ана қуырдақтың бір табағын өзім жеп қоятын шығармын! – деді жаңағы тамақсау жігіт.

Оның мына сөзінен соң төзім деген ада болды. Бөріміздің ойымыз тезірек ана ағамыз айтқандай, «былбырап піскен қуырдаққа» тез жетіп, кесіліп соғу. Болды, дәл қазір бізге әлемде басқа ештеңе қызық

емес.

Ағамыздың үйіне жетіп бардық. Жеңешеміз сәкіге дастарханды дайындап тастапты. Біз қолды асығыс жуып, сәкіге шығып, дастарханның жиегіне жамбастап қонжия кеттік.

Енді буы бұрқыраған үйеме табақ қуырдақтың алдымызға келуін күтіп отырмыз. Өне, жеңешеміз ас үйден шығып, екі табақты екі қолына ұстап, бізге қарай беттеді. Алдымызға әкеліп қоя беріп еді, манағы тамақсау жігіт:

– Қуырдағыңыз осы ма? – деді көңілі толмағандай.

Алдыма қойғанда ғана аңғардым. Ешқандай ет те жоқ, картоп та жоқ, басқа бірдеңе.

– Мынау қандай қуырдақ?

Ағамыз саспады.

– Жігіттер, «алдына ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым» деген екен. Қанеки, ас болсын, кірісіңдер! Бұл баклажаннан жасалған қуырдақ.

О заманда бұл заман...

Баклажаннан қуырдақ жасалады деп кім ойлапты дейсің?

Өлгі тамақсау жігіт жығылып қалды. Бөрімізде де манағы тамақ түгіл тасты да жұтуға даяр төбетіміздің беті қайтып қалғандай болды.

– Оу? Неғып отырсыңдар?

Жесендерші, – деді үй иесі.

Амалсыз қол создық. Дегенмен бабына келтіріп жасаған екен, төбет құрғыр қайта оянып, асай жөнелдік.

– Мәссаған! – деді тамақсау жігіт. Өмірімде мұндай тәтті тамақ жемеппін! Мынау дегенің керемет екен ғой! Үйдегілер «ет жоқ» дей беруші еді, баклажаннан-ақ қуырдақ жасай беріңдер деп айтпасам ба...

Мына тамақ бөрімізге де ұнаған еді. Сонда ғана білдік, баклажанды біз жақта да егіп, өсіруге болады екен ғой. Осы күнге дейін қалай білмегенбіз.

Сол күні біздің ауылдың «менюіне» қуырылған баклажан қосылып еді.

МЕН ҚАЛАЙ ПРОФЕССОР АТАНДЫМ?

Ертеректе мақта жинайтын комбайн жөндеп жатқандардың әңгімесін құлағым шалып қалған.

Екі аппараттың арасын жақындатайық, сонда шашпай тазатерсектен мүлде хабарым жоқ адаммын ғой.

Неге екенін, сол сөз жадымда сақталып қалыпты. Әйтпесе темір-терсектен мүлде хабарым жоқ адаммын ғой.

Қайбір күні егістік басында комбайн шұқылап жатқандардың жанынан өттім. Екі адам жөңдей алмай әлекке түсіп жатыр екен. Қарап тұрмай:

– Екі аппараттың арасын жақындатыңдар, сонда таза тереңді, – дей салдым. Жөндеп жатқандар маған аң-таң боп қарады.

– Рас айтасыз ба?

– Рас.

Рас екеніне өзімнің де күмәнім бола тұра солай дей салдым.

Біреуі азырақ ойланды да:

– Солай жасап көрейікші, бәлкім дұрысталып қалар...

Былай шыққан соң тыныш тұрмай ақыл айтып кеткеніме өкіндім. Өздері әбіржіп жатқан адамды одан сайын әлекке салу не теңім десейші. Біреуге ақыл айтуды өзім онша жарата бермеймін, бірақ сол “жағымсыз әдеттің” өзімде де бар екенін ойлап, айналамда ешкім жоқ болса да қарадай ынғайсыздандым.

Мақтамды аралап, сол жолмен кері қайттым. Жаңағы комбайн орнынан қозғалыпты, егістіктің ішінде жүзіп жүр екен, демек жөнделген.

Соны көріп көңілім аздап орнына түсті. Манағы екеудің біреуі егістік



жиегінде отыр екен, мені көріп бас бармағын шошайтты. “Ок” дегені шығар деп ұқтым. Онымен қанағаттанбады, алдымнан шықты.

– Ооо, профессор көке, сіздің айтқаныңыздай жасап едік,

күшті теріп жатыр!

– деді екі езуі

құлағына жетіп.

– Жақсы

ғой.

Маладес! Мықты біледі екенсіз!

Енді бұл жерден қарамды батыруға асықтым. “Профессор” болмақ түгіл, комбайнның бір темірін бұраған адам емеспін, осы абыройыммен табанымды жалтыратқаным дұрыс шығар. Әйткені сұрақты жаудырып жатқан ана бейтаныс адамның жанында тұра берсем, таяздығым білініп қалары күмәнсіз еді.

Осылай ойладым да, оның көптеген сұрақтарын жауапсыз қалдырып, “асығыс едім” деп ол жерден тайып тұрдым.

“Профессормен” тілдескеніне риза болды ма, ол қолын булғап, мәз боп қала берді.

КҮЙЕУЛЕР САЙЫСЫ

Бөлмеге дихлофос шашып, біраздан кейін келсем, шыбындар әлі ұшып жүр. “Аздау шашып қойдым ба?!” деп тағы уладым. Аналардың өлетін түрі жоқ, қайта құтырып барады. Үшінші рет шашайын дегенде барып сыртындағы “для волос” деген жазуға көзім түсті...

Бәрібір кешіресің. Әйткені оны сүйесің. Сондықтан да ренішің көп созылмайды. Райыңнан қайтасың. Бәрін ұмытып, “жақсы боп кетер” деп үміттенесің. Осылай жүргеніме жиырма бес жыл болды. Үміттің әлсіз жібін үзіп алмай, сүйретіп әлі келемін. Қазақстан футбол құрамасын айтамын да.

Ертеде бір дөкейдің ұлын кеңшарға директор етіп сайлапты. Қалада өскен жап-жас бала ғой, ауылдың тірлігінен мүлде хабарсыз екен. Бір күні шаруашылықты аралап, әуелі жоңышқа алқабына барады. Жоңышқалықтың бригадирі бұған істеген шаруаларын баяндайды.

Жоңышқаны үш рет ордық, қазір суарып жатырмыз, сосын төртінші рет орамыз, – деп түсіндіріп жатса жаңағы жас директор шарт кетіпті.

– Қайта-қайта ора бергенше бір-ақ орып тынбайсыңдар ма?! Қайта-қайта ора бергенге ақша қайда, жанармай қайда?! – деп айғайлапты. Шаруашылықтан хабарсыз ғой, бірдеңе түсінсе солай айтар ма еді? Өншінің өнші, өртістің өртіс боп өз салаларында жүре бергені дұрыс қой. Мәжіліске ағыла бермей...

Қайын жұртымнан келген шақыру қағазы таң қалдырды. “Күйеулер сайысы” болады екен. “Сен қатысасың” депті бір қайын ағам. Несі бар, қатыссам қатысамын. Қорқамын ба? Өнер деген былай да былай жетеді. Озып шықпаса да соңында қала қоймаспын деп келісім бердім. Байқаудың шарты мәлім ғой, таныстыру, өз өнері сияқты көр-жерлер. “Жігіт сұлтаны” дегенді естуші ек, күйеулер сайысы дегенді де көретін болдық.

Үйде өзімше дайындалып жүрдім. Соңында қап кетіп шерменде болар жайым жоқ. Жүлдеге ілінуім керек. Қайын жұрттың алдында абыройым жоғалса, маскара сол. Әйелімнің табасы одан да жаман. Демек, озамын!

Байқау өтетін күні кешікпей бардым. Күйеу біткен жиналып алған екен. Сахна сыртында өздерінше дайындалып жүр. Біреуі мойнына жылан орап алыпты. Кәдімгі тірі жылан. Солай таң қалдырмақ. Күйеулер сайысында

өзу үшін қалаға циркке барып, курстан өткен болса таң қалмаймын. Біреулер домбырасын тыңқылдатып, өзінше миы ашып әлек. Солай ызғын-шұғын боп жатыр ек, есік аузында шу басталып кетті. Елең ете қалдық. Бір күйеу көкпарға шауып жүрген атын әкеліпті. Өнерін солай көрсетпек шығар. Оған ұйымдастырушылар көнбеді. – Сахна тар ғой, көкпарды қай жағына шабасың? Анау ашуланып, “қатыспаймын” деп кетіп қалды. Басталды. Ойыма қулық келді. Мұндай жерде шын талантты оза бермейтінін білемін. Басқаша амал керек. Ол амалды таптым да. Сөйттім де, таныстыру кезінде өзімді “Әкімнің құдасымын, бөлем облыстық прокурор, жиенім министр” деп судай сапырдым. Таныстыруым сенімді шыққан сияқты. Әйткені, әділқазылар алқасы мен таныстыруды орындап жатқанда бір-

бірімен күбірлесіп, қозғалақтап кетті. Қулығым іске асқанын сезе қойдым. Таныстыруда ең жоғары ұпай маған берілді. Солайша қазыларды өзіме қаратып алдым.

Қызықтың бәрі өз өнерін көрсететін кезде болды. Бағанағы жылан ұстаған жігіт жолда қалды. Бір қатысушы сахнаға балта алып кірді де, жынды адам құсап қабырғаның сылағын түсіре бастады. Зал дым түсінбей әлек. Бір кезде қапшығын әкелді, ішінен бірдеңелерді шығарып, суға араластырды да, қабырғаға левкас жаға бастады. Солайша үсті-басы быт-шыт болды да, көпшілікке иіле тәжім етіп, сахнадан шығып кетті.

Бір қатысушы:

– Мен рельс ие аламын!

Бірақ Жетісайдан рельс таппады! – деп жатқанын құлағым шалып қалды.

– Мен машинаны орнынан айналдырамын, бірақ сахнаға машинаны қалай кіргізем? –



деп жатты біреу.

– Мен кәсіпқой дихан едім. Бірақ сахнаға қалай қырыққабат егем? Сайыс бір күнге емес, бір жылға созылғанда ғой... – деді біреу амалы құрып.

Мен ше? Бардым да, бір өлеңді шырқай салдым. Қазылар мені өтірік мақтай жөнелді. Шамасы, жаңағы дөкей туыстарыммен араласатын ойы бар сияқты. – Міне! Жанды дауыс! Қазір фонограммамен айтатын әншілер көп заманда, мұндай прокурордың бөлесін... аа. Жоқ кешіріңіздер... мұндай өнерпазды бағаламау күнә!

Күнә жайлы айтып еді, жанындағы қазылар “астапыралда” десті.

Қорытынды шығатын кез де жетті. Қазылар бір ауыздан менің атымды атады. Сол-ақ екен, “Әділетсіздік!” деп басқа күйеулер тулап кетті. Шулап кетті. Жаңағы жыланы бар жігіт сахнадан жүгіріп шығып кетті де, жыланды көтеріп әкеліп, қазыларға лақтырып жіберді. Шамасы “Алты жасар Алпамыстың” киносын көп көрген-ау. Зал у-шу, құлағың тұнады. Жылан қазыларды қорқытудың орнына, жорғалап қашып, еденнің тесігіне кіріп жоқ болды.

Бағанағы құрылысшы жігіт те қарап қалмады. Қабырғадағы өзі жаққан левкасты табтасымен қайта қырнап бастады. Көпшілік ажыратпағанда, қазылар мен күйеулер бас салып төбелесер ме еді...

Сайыс біте ауылға қаштым. Қазылардың бір-екеуі “әй күйеу, бері кел” деп өздеріне шақырып жатыр еді, естімеген адам құсап зыттым.

Мықтыбек ОРАЗТАЙҰЛЫ

ЖӘНІБЕК – ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Жәнібек Әлімханұлы WBO және IBF нұсқалары бойынша әлем чемпионы атанды. Ол АҚШ-та өткен турнирде қарсыласы неміс боксшысы Винченцо Гуальтьериді жекпе-жектің алтыншы раундында нокаутпен жеңіп, IBF нұсқасы бойынша әлемнің жаңа чемпионы атанды.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter желісінде Жәнібек Әлімханұлын жеңісімен құттықтады.

Айта кетейік, 30 жастағы Жәнібек Әлімханұлы былтыр 5 мамырда британдық Дэнни Дигнумды нокаутқа түсіріп, әлем чемпионы атанған. Бірнеше айдан кейін де ол осы атағын сақтап қалды.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ
ЖЕҢІЛДІ

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионаты іріктеу кезеңінің жетінші турында Қазақстан құрамасы Дания құрамасынан жеңіліп қалды.

Қазақстандық футболшылар Н тобында бақ сынасып жатыр. Осыған дейін ел құрамасы 12 ұпай жинап, төртінші орынға табан тіреген. Ал екінші орындағы Дания құрамасында 13 ұпай бар болатын.

Ойында алғашқы есепті Дания құрамасы ашты. 48 минутқа дейін Дания құрамасы Қазақстанға үш гол салды. Йонас Винд, Роберт Сков, Роберт Сков гол авторы атанып, нәтиже көрсетті.

Ойынның 58-минутында қазақстандық Роман Вороговский ел құрамасының ойындағы алғашқы және соңғы голын соқты. Осылайша 3:1 есебімен ойын аяқталды. Келесі ойында Магомед Адиев шәкірттері 17 қазан күні Хельсинки қаласында Финляндияға қарсы өткізеді. Айта кетсек, бұған дейін Қазақстан құрамасы Еуро-2024 іріктеу кезеңінде Солтүстік Ирландия футболшыларын ұтқан болатын.

ЯСМИН – ЖЕҢІМПАЗ



Теннисші Ясмин Дүйсембаева Испанияның Санта Понса қаласында 12 жасқа дейінгілер арасында екінші санаттағы Tennis Europe сериясы бойынша жеңімпаз атанды.

Қазақстан теннис федерациясының хабарлауынша, Ясмин финалда Болгарияның өкілі Майя Михованы 7:5, 6:2 есебімен жеңді.

Ұлдар арасында тағы бір теннисшіміз Ахмади Маханов финалға дейін жетіп, корт иесі Томас Мартинден 1:6, 1:6 есебімен жеңілді. Ал жұптық сында Ахмади Балқан Нұрдулетпен бірге финалда словакиялық Леонард Нилц пен украиндық Егор Романюттан 6:1, 6:2 есебімен басым түсіп, жеңімпаздар қатарына қосылды.

ШАХМАТШЫЛАР ТОП ЖАРДЫ

Еліміздің солтүстік аймағынан шыққан «Шахмат керуені» Қызылордаға жетті. Республикалық жоба шахмат ойынын дамытуға үлесін қоспақ. Керуеннің келуіне орай орталық алаңға жиналған жұртшылыққа облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет құттықтау сөз сөйлеп, ойшылдар ойыны туралы пікір білдірді.

– Алты Алашқа ана болған Сыр өңіріне «Шахмат керуені» келіп жатыр. Бұл – біз үшін маңызды оқиға. Өйткені облыста шахматтан жетістікке жетіп жүрген спортшылар баршылық. Олардың қатарында 12 дүркін Қазақстан чемпионы, 3 дүркін әлем, 7 дүркін Азия чемпионы, облыс тарихындағы тұңғыш ФИДЕ шебері Әсел Серікбай мен 9 дүркін Қазақстан чемпионы, оқушылар арасында әлем, Азия чемпионы Назерке Нұрғали сияқты мақтаныштарымыз бар. Әлі де ортамыздан болашақ гроссмейстерлер шығатынына сенімдімін, – деді М.Шермағанбет.

Әкім орынбасарының айтуынша, бүгінде облыста 14175 адам, оның ішінде 7189 ауыл тұрғыны шахматпен айналысса, жас зияткерлерге 365 жаттықтырушы сабақ береді.

Шара кезінде Шахмат федерациясының облыстық филиалы ашылып, оның төрағалығына жеке кәсіпкер Асқар Махамбетов тағайындалды. Федерацияның вице-президенті Марат Есенов аймақтағы филиалдың ашылуы шахмат спортындағы жетістікті көбейтуге мүмкіндік беретіндігін жеткізді.

– Қазірдің өзінде жүзеге асып жатқан көптеген бастама бар. «Мектептегі шахмат» пилоттық жобасы аясында Қызылорда облысындағы 5 мектептің оқушылары интеллектуалды ойынмен кәсіби түрде шұғылданып жатыр, – деді ол.

Алаңда тігілген мобилды киіз үйде швейцарлық жүйе бойынша 11 кезеңнен тұратын блицтен турнир болып, 20 адамның ішінен үш жеңімпаз гранд-финалға жолдама алды. Атап айтсақ,



Ернұр

Ержанұлы 10 ұпаймен I орынды иеленді. Әділет Ерсерік 9 ұпаймен II орынға жайғасса, үздік үштікті 8 ұпаймен Нұрсәт Оспан қорытындылады. Ең қызығы, I және III орын жеңімпаздары бір үйдің балалары болса, екінші орын иеленген жұлдегер – осы жеңімпаздардың жаттықтырушысы.

Енді гранд-финал 10 қараша күні Түркістан қаласында өтеді. Онда әр облыстан оза шапқан 60 ойыншы арасындағы бір жеңімпаз 5 миллион теңгені қанжығасына байлайды. Ал керуеннің жалпы жұлде қоры – 16 миллион теңге.

Қос финалистің жаттықтырушысы Әділет Ерсерік те шәкірттерімен бірге Түркістандағы бас турнирде бақ сынамақ. Бес жасынан бастап шахматты серік еткен Әділет 18 жасынан бері тренерлікпен шұғылданып келеді.

– Түрлі шахмат сайысында жұлдегер атанып, Алматыда өткен халықаралық турнирде II орын иеленгем. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей, Ернұрым өзімді

басып

озып, қуанып жатырмын. Ол жақында ғана Азияда рапидтен үшінші орын алып келді. Алғашқы кездері өзімді оларға әдейі ұтқызатын едім, қазір шындап ойнасам да ұтылып қалатын жағдайға жеттім. Бұл әрбір ұстаздың арманы деп ойлаймын, – деді жаттықтырушы.

Марапаттаудан кейін керуеннің құрметті қонағы, халықаралық деңгейдегі шахмат шебері Әсел Серікбай бір мезеттік ойын сеансын өткізді. Сеансқа алдын ала тіркелген 10 әуесқой шахматшы қатысты. Бұрыннан Қызылорда қаласындағы мектептерде бір мезеттік ойындарды ұйымдастырып жүрген Әсел «Шахмат керуені» аясындағы сеансқа туған жерінде алғаш рет атсалысып отыр.

Айтпақшы, Қазақстан шахмат федерациясының аймақтардағы интеллектуалды спорт түрін дамыту үшін қолға алған жобасына Freedom Broker компаниясы бас демеушілік жасап отыр.

Қайраткер, еңбек және тыл ардагері Мыхан Ерниязұлының 130 жылдық мерейтойы қарсаңында республикалық палуандар сайысы мен ат бәйгесі өтіп, көкпар ойнатылды.

Ұлттық спорттың төресі саналатын қазақ күресінен бастау алған дода тартысты да қызықты өтті. Боз кілемде белдескен кіл мықтылар арасынан республикалық жарыстың жеңімпазы Қызылорда қаласының палуаны Еламан Ерғалиев марапатталып, 3 000 000 теңге сертификаттың иесі атанды. Ал күміс медаль иегері атанып II орын иеленген Нұрым Сәлімгерейге 1 500 000 теңгенің сертификаты табысталған. Ал қола медальмен және 500 000 теңге сыйақымен Мақсат Исақабылов марапатталды.

Бас жұлде үшін сынға түскен 100-ден аса сәйгүлік арасынан өзара мықтылар анықталды. Додаға қатысқан аттардың ішінде бұған дейін талай қанжығалап, қалың шаңның ортасында шашасына шаң жуытпаған жүйріктер бар.

Дүбірлі дода құнан, тоқ, аламан бәйге болып үш топқа бөлінді. Жарыс құнан бәйгеден бастау алды. Атқан оқтай зулаған 34 сәйгүлік ат спорты алаңын дүбірлетіп 12 шақырым қашықтыққа шапты.

Желмен жарысқан сәйгүліктердің ішінен алғаш болып мәреге Абзал Тұрғанбек тізгіндеген «Лазер» атты сәйгүлік жүйріктігін танытып, бірінші болып келді.

Ұйымдастырушылар тарапынан HYUNDAI I30 маркалы автокөлігін жеңіп алды. Алаңдағын келген Нариман Оразбаевтың «Жезқара» атты күрең-қасқасы мәре сызығын екінші болып кесіп, 2 000 000 теңгеге ие болса, үшінші орынға Алматы облысы, Іле ауданынан келген Жанқойлықовтар әулетінің «Желкүрең» атты тұлпары тұрақтап, оған 1 000 000 теңге ақшалай сыйақы табысталды. Астанадан келген Олжас Нұрбектің Хамза Амангелді тізгіндеген «Сиятл» тұлпары мәреге төртінші болып келіп, 500 000 теңге сыйақымен марапатталса, алматылық «Көгершін» атты торы сәйгүлікті тақымдаған Болат Әбдүкерім бесінші орынды еншілеп, 300 000 теңге қаржылай сыйақыны жеңіп алды.

Бұдан әрі ат жарыс 20 шақырымдық тоқ бәйгеге ұласты. Аттың тісіне де, түсіне де, жасына да қарамайтын бұл бәйгеде 44 тұлпар қатыасты. Жиналған жұртшылықтың делебесін қоздырып, қиқулаған дауыстар одан сайын ипподром алаңын жаңғыртты.

Бұл бәйгеде ең бірінші болып мәреге Алматыдан келген «Боец» атты жүйрек топ жарып, HYUNDAI SANATA автокөлігін иеленсе, Астана қаласынан келген «Карсон» атты тұлпар екінші орынға жайғасып, 2 000 000 теңге сыйақымен марапатталды. Алматы облысы, «Қаршыға» атты тұлпары тақымдаған Бекарыс Бибосын мәреге үшінші болып жетіп, 1 000 000 теңге сыйақыны еншілесе, Абай облысынан келген «Найзақара» атты жүйрігі мәрені төртінші болып кесіп, 500 000 теңге

жұлдені иемденді.

Ал Ақтөбелік «Норд» есімді текті жануар мәреге бесінші болып келіп, 300 000 теңге қаржылай сыйақымен марапатталды.

Ат спортының қырсырын меңгеру, аттың құлағында ойнап, дүлдүл шабандоз болу кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Осыдан бір ай бұрын Сыр елінде дүбірлеген дода болады дегенді ести салысымен, атымызды дайындап,

қатысуға

бел будық.

Бұл бәйге

«Боецтің» екінші

бәйгесі. Алғашқысы

Талдықорған

қаласында өтіп, одан

да жұлделі орынды жеңіп

алған болатынбыз. Тұяқ

тұяқты жібермейді. Қаншама

чемпионаттарды басып озып жеңіске

жеттік. Осы салада жүргеніме 32

жыл уақыт болды. Бүгінгі бәйгеде

ұтқан көлігім 59-ыншы көлік. Осы

уақытқа дейін талай үлкен жұлделі

сайыста жеңіске жеттім. Менің басты

мақсатым – осы ат спортын одан әрі

дамытып, болашақта ұрпақтан ұрпаққа

жалғастыру, – дейді ат иесі Ғалымжан

Нұрбаев.

Той қызығы соңында демекші, ат бәйгенің де ең қызығы – аламан бәйге. Шын жүйрік тұлпарлар 30 шақырымдық аламан бәйгесінде анықталды. Көпшілік асыға күткен бәйгеге 25 ат қосылып, 15 айналым бойынша жарыс жолына шықты.


Шоқ жұлдыздай ағып келген «Жұмыртұяқ» аламан бәйгеде бас жұлдені иеленіп TOYOTA HIGH-LANDER автокөлігін жеңіп алса, Алматы облысы, Қарасай ауданынан келген Аңсар Арыстанбек тақымдаған «Мамайқара» есімді жүйрік екінші орынды иеленіп, HYUNDAI SANATA автокөлігі бұйырды. Алматы облысы, Іле ауданынан келген Абзал Тұрмыс тақымдаған Жанқойлықовтар әулетінің «Тұмар» атты тұлпары Қазақстан чемпионатында тоқ бәйгеден бас жұлде иеленсе, араға бір апта салып, аламан бәйгеден үшінші орынды еншілеп, 2 000 000 теңге ақшалай сыйақының жеңімпазы атанды. Төртінші орынға Астана қаласынан келген Әлихан Қайыржан тақымдаған «Бақтыры» аты тұрақтап, 1 000 000 теңгені еншілесе, Ақтөбе облысы, Қобда ауданынан келген Әлихан Сайлауғали «Самұрық» есімді сәйгүлікті тақымдап бесінші болып мәре сызына жетіп, 500 000 теңге иеленді.

Екі күнге созылған шаралар легінің келесі күні Сыр сәйгүліктері ғана қатысқан аламан бәйге болды. Бәйгеге 22 ат қатысып, бақ сынады. Бірінші орынды Аққыр ауылының Жанасыл Бекболат есімді шабандозы тізгіндеген

«Ақкөз» есімді тұлпар иеленіп, HYUNDAI I20 маркалы автокөлігін ұтып алса, екінші және үшінші орынға Арал ауданы, Қызылжар ауылының атбегілері баптаған жүйріктер тұрақтап, қаржылай сыйақымен марапатталса, төртінші орынға «Ақбөкен» есімді арғымақты тізгіндеген Әсет Кенжетайұлы 500 000 теңге ақшалай сыйақымен марапатталды. Бесінші орынға Қазалы ауданы, Абай ауылынан келген Дінмұхаммед Тәңірбергеннов тақымдаған «Спартак» есімді сәйгүлік тұрақтады.

– Жылқыны бағып, баптап, бәйгеге қосу да – үлкен өнер. Өнер болғанда да қанға сіңетін қасиет. Асқан қызығушылықпен жылдар бойы ден қойып үйренбесе, сырын оңайлықпен аша алмайтын ғылым. Менің ат саласына келгеніме екі жыл ғана уақыт болды. Десек те менің әкем, атам осы салада елеулі қызмет етіп, ат баптап, талай бәйгелерде жұлделі орын иеленген жандар. Өке жолын қуып менде осы салаға келдім. Ақкөзді былтыр Тараз қаласынан сатып алып, быылдан бастап бәйгеге қосқан болатынбыз. Бүгінгі бәйге Ақкөздің биыл қосылған үшінші бәйгесі. Жуырда Қызылорда қаласында сәуір айында үлкен ас беріліп, бәйге өтті. Сол бәйгеден Ақкөз жұлделі I орынды иеленіп, алғашқы темір тұлпарды ұтқан болатын. Бүгінгі ұтқан автокөлік екінші көлігіміз. Алда бір аптадан кейін өтетін сабантойға қатысуға ниеттіміз, – дейді ат иесі Мақсат Мейрамбекұлы.

Тартысты бәйгеден кейін қазақтың қанына сіңген қасиетті, дәстүрлі ұлттық ойыны көкпарға ұласты. Ойында жігіттердің күш-жігері, төзімділігі, батылдығы мен ептілігі сынга түсті. Ұлттық спорттық ойындарды дамытып жастар арасында насихаттау мақсатында ұйымдастырылған жарысқа ауданға қарасты ауылдардың ат құлағында ойнайтын білекті де жүректі 100-ге тарта шабандоз қатысты. Мыхановтар әулетінің ұйымдастыруымен тартысты да қызықты өткен ұлттық ойында салым салған шабандоздар ақшалай сыйақы иеленіп, Мөдениет ауылынан Гелендваген есімді тұлпарымен қатысқан Самат ағамыз NIVA автокөлігінің иесі атанды.



Аэродизайнның артықшылығы неде?

Жан-жағың жарық әрі жарқын болса, жағымдысы сол. Өйтпесе аяқ басқан ашық алаң болса да, эстетика сезілмесе есте қалуы неғайбыл. Қазір бәрі әсем орынға әуес. Тынығу үшін де тынысты тарылтпайтын, өзіндік дизайнымен ерекше жерді таңдайды. Сайып келгенде, төрт қабырғаның өзі түрленбесе жұрттың өлең етуі де екіталай. Неяла Дүйсебекова безендірудің басы-қасында жүреді. Он саусағынан өнер тамған шебер. Сәндеудің сан түрін меңгерген кейіпкерімізбен әңгіме құрған едік.

– Безендіру ісі тынымсыз еңбекті талап етеді. Айтыңызшы, бұл саланың көзге көрінбейтін қиындығы қандай?

– Ой еңбегінің салмағы бәрінен басым екені ақиқат. Өйткені үйлестірудің үлгісін ойша жасап, іс жүзінде тыңғылықты орындау оңай емес. Басқа безендіруге ұқсасмас үшін қайталанбаған нұсқасын даярлауға көп ізденіс керек. Сондықтан композициялық шешімді табу көзге көрінбес қиындық дер едім. Біреудің жұмысын қайталау кім-кімді де таңқалдырмайды. Бұл – реакция жоқ деген сөз. Демек эстетикалық талапты ескеріп, жаңашылдыққа ұмтылған жөн.

– Дизайн дедлайнды қажет ете ме? Безендіруге қанша уақыт жұмсайсыз?

– Жоқ. Егер тапсырыс беруші уақыт тапшы демесе, асықпай істеген жұмыс өнімді болады. Идея иіріммен әдемі дүниені жасауға бекінгенде артық уақыт кетуі мүмкін. Өйтсе де мұны шығын деуге болмас. Есесіне көздің жауын алатын сұлулық жарқ етеді.

Негізі безендірудің сәнді әрі сәтті шыққаны маңызды. Іле-шала істеп, жапсыра салу жұрт назарын аудармайды. Қиялға ерік бергенде ғана әдемі дүние шығады. Тапсырыс берушінің ұсыныс-тілегі мен өз ойыңды да ұштастыру ұтымды тәсіл. Орналасқан жеріне сай келетін дизайнмен әрлеп, түсті де талғаммен таңдау басты ереже. Қысқасы, креатив – көлеңкеде қалуға мұрсат бермейді.

– Аэродизайнның артықшылығы неде? Кеңістікті шармен безендіру сәннен қалуы мүмкін бе?

– Керісінше жаңа бағытта дами бермесе, трендтен түспейтіні анық. Өйткені шар сән мен нарықтан өз орнын жоғалтпайтыны белгілі. Қазір шардың да түр-түрі бар. Жеке жазулары мен жарық диоды бар шар немесе танымал

мультфильм кейіпкерлері бейнеленген шар және гендерлік шар да өте көп.

Ал, аэродизайн – шармен безендіруді қамтитын ойын-сауық индустриясының бір саласы. Өсіресе балаларға арналған мерекелік шарада жиі қолданылады. Бұл шағын бөлме, үлкен зал немесе ашық алаңға да сай келеді. Гирляндия мен ринстон, гүл мен шамдар да шардың сәнін келтіреді. Демек, басқа да бұйымдарды біріктіру таңғажайып декорация жасаудың бірден-бір жолы.

Кеңістікті безендіруде қателік жібермеу керек. Шардың саны бөлменің аумағына сәйкес келуі шарт. Кішкентай кеңістікті кішкентай фигуралармен толтыру тиімсіз. Ашық түстер тар бөлмені көрнекі түрде үлкейтсе, қара түс үлкен зал мен ашық кеңістікте әсерлі көрінеді. Балалар кешін ашық түспен, ересектер үшін 2-3 түспен безендіру жеткілікті. Сондай-ақ

ретсіз жылтыр мен шектен тыс безендіру көзге оғаш көрінетінін ескерген жөн.

– Безендірусіз бәрі де жұтан көрінеді. Сондықтан сұлулықты үйлестіретін әдіс-тәсілмен бөліссеңіз. Қандай техниканы қолданасыз?

– Икемі мен ебі бар адам қай істің де көзін табады. Қолдан құрастыру келсе болғаны ұршықша иіріп әкету оңай. Тіпті қарапайым қағаздың қиындысымен де таңғажайып туынды жасауға болады. Мұның бәрі дизайн үшін тиісті тәжірибені қажет ететін күрделі композициялар. Мата, моншак, әдемі тастар, лента мен жіп сынды қажетті материалды пайдаланып, бұйым жасаймын. Бастысы ізденісті тоқтатпау.

– Табыс пен тапсырыс көңіл көншіте ме?

– Мамандығым – көркем еңбек пенінің мұғалімі. Сондықтан безендіру жұмысы таңсық емес. Сүйікті ісімді кәсіпке айналдырғаным 2 жылдан аса уақыт болды. Мектептегі жұмыстан қолым қалт еткенде безендірумен айналысамын. Мерекелік іс-шараға қарағанда той-думанға тапсырыс көп түседі. Бір айда кем дегенде 4-5 тапсырыс қабылдаймын. Өркезде әртүрлі болады. Тапқан табысым еңбегімді ақтайды.

Кәсіпті бастауыма түрткі болған – «Ағу city mall» ойын-сауық орталығының басшысы. Сенім артқаннан кейін қорықпай қолға алып, безендіруді бастап кеттік. Қазір шығармашылық ұжыммен жұмыс істеймін.

Идеяны өзім айтамын, қалғанын жұмыла бірге атқарамыз. Алдағы уақытта көлемді жобалар алып, кәсіпті кеңейтсем деген жоспарым бар.

Сұхбаттасқан
Замира
ҚОНЫСЖАН

Студенттік синдром: Комплекстің құрбаны болдыңыз ба?

– бәрін мінсіз орындауға, өмірдің барлық салаларында табысқа жетуге және басқалардан жоғары баға алуға деген ұмтылыс. «Мен бәрін мінсіз орындасам ғана махаббат пен жақсы қарым-қатынасқа лайықпын» деген көзқарас кейінге қалдырылады. Ал барлығын өзіңіз қалағандай істемеу немесе күш-жігер елеусіз қалса, ішкі жанжал туындайды.

Перфекционист бала тіпті кішігірім сәтсіздіктерге өте сезімтал болады. Табыс пен жетістікке ұмтылу ол үшін депрессияға айналуы мүмкін. Өйткені әрқашан үздік болу физикалық және психикалық тұрыдан қиын. Мұндай балалар балалық стихиялығын және жақсылыққа қуану қабілетін жоғалтады. Сондай-ақ құрбы-құрдасымен қарым-қатынаста қиындықтар кездеседі, – дейді.

Тіпті өзгенің бағы басым болып, табысы артса қабылдай алмайды. Тек өзнен төмен болғанынан тыным тауып, көңілі орнына түсетін көрінеді. Салыстыру арқылы өзін жегідей жеп, жүйкесі жүндей түтіледі. Ал мұның денсаулыққа қаншалықты зардабы бары


айтпаса да түсінікті. Өлбетте, күншілдік пен күңкілді көбейту дұрыс емес. Жатып-ішер жалқаулық жөн еместігін алға тартып ақтасақ та, нәтиже мен жеңістің соңы «менмендікпен» аяқталса қысыңға келмес. Сондықтан синдром себебін анықтап, дер кезінде күресу тиімді болмақ.

Бірінші қадам – қорқыныштан арылу. Студент синдромы бар көптеген адамдар әрекеті сәтсіз болады деп алаңдайды. Алайда мұндай ой қате. Кез келген әрекет, ең алдымен, адамның өзін-өзі табуға көмектесетін, дамуға ықпал ететін тәжірибе екенін ұғыну керек.

Тәжірибеден қорқудың қажеті жоқ. Өйткені, өмірдің мәні осы. Жалпы, синдромнан құтылудың ең жақсы жолы – жүрегіңізді «есту» қабілеті. Бала кезінде «үздік студент» ата-анасын тыңдады, ал ересек адам өзін тыңдауды үйренетін уақыт келді. Бұл жақын адамдар туралы ұмыту немесе олардың пікірін тыңдамау дегенге келеді. Бұл соңғы шешімді өз бетінше қабылдау керек дегенге келеді. Басқа адамдардың ережесінің құрбанына айналудың қажеті жоқ.

Бүгінде жас буын өрлеу мен өсуге бейім. Тіленші болмай тілегіне жету үшін бағытын айқындап алған. Айтарымыз, өзгемен жарыспай-ақ әдемі жол қалыптастырып, асқақ арманға қол жеткізуге болады. Тек дамуды тежемей, ішкі комплекстен арылсаңыз болғаны.

Нәзік АХМЕТ



Бәсекенің болуы жазылмаған заңдылық. Бұл жетістікке жетуге негіз, алға ұмтылуға жігер болғанмен, ұғымды ұсақтап алғандар да жоқ емес. Жөңілісті – «жеңіл іс» деп түсініп, шалыс басса шамданатыны содан. Мұндай типтегі адамның нәтижені ойлап, қиындықты көтере алмай қалатынын көбі айтады. Дағдарыс болса депрессияға ұшырап, сенімнен айрылса стресспен серік болады. Мұның бәрі үздік студент синдромының салдары.

– Бұл синдром көбінесе балалық шақта пайда болады. Егер ата-ана баланың беске оқуын талап етсе, ересек өмірде нәтижеге құмар, басқалардың пікіріне тәуелді болмақ. Мұндай адамдардың өзін-өзі бағалауы төмен, әрқашан өз-өзіне үңіледі, олар жаңадан, бейтаныс нәрселерден қорқады. Өйткені қателесуге құқық бермейді. «Үздік студент» өзін қинап қана қоймайды, сонымен бірге жақындарын да шексіз уайым-қайғымен өуре-сарсаңға салады. Бұл жерде оны шектен шығармау, өзіңізді қайта тәрбиелеу маңызды, – дейді психолог О.Митягина.

Үздік оқушы синдромы – маңызды нәтижелерге қол жеткізуге және басқалардың ризашылығына ие болуға бейімділікпен сипатталатын психологиялық ерекшеліктері жиынтығы.

Тоқты

Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде өзіңіз шешім қабылдаған жөн.

Торпақ

Қандай мәселе орын алса да, өз ақылыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз.

Егіз

Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз еш берілмейсіз. Табандылықтың арқасында жетістікке жетесіз.

Шаян


Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамай-ақ біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сүйегіңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.

Тауешкі

Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналаңыздағы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыларға ермеңіз. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолайлы сәт.

Арыстан

Адамдармен тіл табысу қиынға соғады. Тіпті жақын адамдардың өзі сізді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соңы қалай аяқталатынын жақсы біледі.



Таразы

Ойланңыз. Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз, барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлығын дөңгелетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті апта болмақ.

Сарыашаян

Қызметте жолыңыз болады. Қалтаңыз да қалыңдайды. Аптада сәттілік серігіңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыпқа келтіресіз.

Мерген

Апта жақсы басталады, уақытыңыз бекер өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Аздаған қиындық болады, алайда алаңдауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.

Сукұйғыш

Қандай мәселе орын алса да, түйсігіңізді тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

Балық

Апта ерекше көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш көп болады.

Кезекші редактор: М.САБИРЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1658